

Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.II, Ч.II. Б.31-34

ХАСЕН ОРАЛТАЙДЫҢ ҚЫЗМЕТІ МЕН МҰРАСЫ

Гусманова И., 1 курс студенті

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Қазақстанның тәуелсіздік алып, әлемдік деңгейде танымал болуы және ғылым мен білімнің, мәдениеттің қарыштап дамуы дәуірінде қоғаммен біте қайнасқан, халық ішінен шыққан, барша ғұмырын ұлттың рухани дамуына арнаған ұлтжанды ғалымдар мемлекет іргесін бекітіп, оның өркендеп өрлеуіне көп үлес қосты. Ұлтымыздың талантты шетелде жасаған қазақ қайраткері, ұлт азаттық қозғалысын зерттеуші, тарихшы, публицист, түрік, қазақ, ағылшын, неміс т. б. тілдерде жазылған еңбектердің авторы Хасен Оралтай әлем деңгейінде өнегелі істерімен және ғылыми, шығармашылық қызметімен даңққа бөленген тұлғалардың бірі. Хасен Оралтайдан қалған ғылыми және әдеби мұра ауқымды да әралуан, сан салалы. Қазақ елінің мәдениеті мен руханияты үшін Хасен Оралтай мұрасының маңызы оның терең білімділігі мен жігерге толы зерттеушілік ой-лау қабілетінің өткірлігі, сонымен қатар тереңдігімен және көрегендікпен ұштасқан жеке тұлғалық қасиетімен тығыз байланысты. Өмірінің басым бөлігі шет елдерде өткенімен, жүрегі атажұрт, қазақ елі деп соққан ағартушы-ғалым есімі түркі әлеміне кеңінен мәлім. Хасен Оралтай (1933 - 2010) - Алаш сыйл. лауреаты (1994), Түркістан қазақ-түрік халықаралық университетінің құрметті проф [1]. 1933 жылы дүниеге келген, 1945 жылдың көктемінен кейінгі өмірі “Әке жау келді!” деген ылғи үрку-қашумен басталып, 1947 жылы советтік сұғанақтық шабуылдардың салдарынан ата қоныс Қызыл өзеннен шығысқа қарай қашқан. 1949 жылдың аяғында Сталин мен Моо Зедүң басқарған орыс-қытай коммунизмі зұлымынан жан сауғалап, туған елі Шығыс Түркістаннан шет елдерге босқан, Такламакан шөлінен өтіп Гималай тауынан асқан, жолда жеті рет Қытай әскерінің шабуылына душарласып, ішерге асы, киерге киімі және жатар орны жоқ қаңғырған бишара халық ретінде, бірауыз тілін білмейтін мүлдем жат ел, - Көшмір-Үндістанға 1951 жылдың басында барып, паналаған. 1954 жылдың жазында Түркияға жетіп, жанбағу үшін мүлдем жаңа өмір салтына орай арпалысқан қазақтарды сонда бастап барған Қалибек

Хақімнің ұлы ретінде мен талайды көрдім [2].

Оның жеке мұрағатындағы кітаптар, бірқатар құжаттар, Мемлекеттік

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жеткізілген мақалалары, бағдарламаларының жазбалары Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасының қорына тапсырылды. ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының мамандары мұрағаттық материалдар бойынша Хасен Оралтайдың сөйлеген сөздері негізінде мынадай бес диск шығарды: «Қазақстан Тәуелсіздігіне 10 жыл»; «Манаш Қозыбаев қазақ мемлекеттілігі жайлы»; «Шығыс Түркістан азаттығы үшін күрес»; «Желтоқсан оқиғасына 5 жыл»; «Алаш зиялылары» [3]. Қазақ халқының тарихына, этнографиясына, әдебиетіне, саясат мәселелеріне арналған түрік тілінде жазылған “Қазақ түріктері” (Измир, 1961), “Ұлы түрікші Мағжан Жұмабайұлы” (Измир, 1965), “Шығыс Түркістан тарихындағы басты мәселелер” (Стамбул, 1975), “Коммунизммен шайқас” (Измир, 1965) кітаптары шыққан. Мәжит Айтбаевтың “Абылай” дастанын және өлеңдерін (1971), тұңғыш рет “Қазақша-түрікше” сөздік бастырды. Түрік халықтарының тарихи тағдырына арналған материалдар жарияланатын “Биік Түркелі” журналын (17 сан) өз қаржысына шығарып тұрды 1962-1986. Стамбулда 1973 ж. басылған “Алаш” кітабында қазақ халқының ғасырларға созылған ұлт азаттық қозғалысына шолу жасалынды, әсіресе, Алаш қозғалысына, Алаш Орда партиясына, Алаш өкіметіне дұрыс баға берілді. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Тынышбаев, М.Дулатов, Ж.Досмұхамедов, Х.Досмұхамедов, М.Шоқаев, А.Бірімжанов, Ә.Ермеков, О.Қарашев, М.Жұмабаев, Р.Мәрсеков, Т.Рысқұлов, С.Асфендияров, Н.Төрекұлов, О.Жандосов, С.Қожановтың т.б. Шығыс Түркістаннан шыққан қазақ зиялыларының өмірбаяны, қоғамдық қызметі көрсетілді. Абай дәстүрлерінің Алаш азаматтары шығармаларында тамыр жаюын жан-жақты баяндады. Қытайдағы зорлықшыл үкіметтің тепкісіне көнбей азаттық үшін алысқан қазақтардың үлкен бір азапты көшін (1947-54) Тибет, Индия, Пакистан арқылы Түркияға бастап барған әйгілі батыр, өз әкесі туралы “Арыстан туған Әлибек Хәкім” (“Жұлдыз”, 1993, № 7) шығармасын жазды. Желтоқсанның (1986) қанды оқиғалары тұсында Х.дүниежүзіне дабыл қағып, жазықсыз қараланған қазақ ұлтын қорғау туралы үн көтеріп, қоғамдық ойды ұйымдастырды, сөз сөйледі, мақалалар, кітап жазды. Сол тарихи “1986 жылғы 17-18 желтоқсандағы Қазақстан оқиғалары” еңбегі түрік тілінен аударылып, қазақша жарияланды (“Жұлдыз”, 1992, № 2). Мюнхендегі “Азаттық” радиосында қызмет істеген (1967 жылдан) Х.дүние жүзі қазақтарына тарих, қоғам, заман туралы ақиқатты жеткізуге көп еңбек сіңіріп, ұлы Абай көздеген ұлттық сананы, еркіндік мұраты қалыптастыруға үлес қосты [4].

Хасан Оралтай саналы түрде жалпытүріктік идеясын жүзеге асыруды мақсат етті.

«Биік Түркелі» қоғамын ұйымдастырып, Мұстафа Шоқай мен Әлихан Бөкейханұлының жолын ұстанды. Бүкіл Қазақстанда идеясын жаңғырту

былай тұрсын, атын айтуға қаймығатын біртұтас «Алаш» идеясын басты ту етіп алды. Бұл идея, бұл мақсат Хасан Оралтайға жайдан-жай келе салған жоқ. Әкенің берген ұлттық рухты тәрбиесі, басқа елге келіп, өз тегімізді ұмытпайық, тек құлқынның қамын ойлап жүре береміз бе деп, сол Түркияға келген 1954 жылдан бастап-ақ жан-жақты байланыстар орнатып, өздерінің қазақ екендіктерін ұмытпауға тырысып бақты. Соның нәтижесінде аз уақыт ішінде, араға үш жыл салып, 1957 жылдың 9-қыркүйегінде Измирде шығатын «Ege Ekspres» газетінде Измирлік журналист Өздемір Аталан екеуі «Гималай дастаны» атты 40 күнге созылған тізбекті мақалалары шығады. Бұл мақала – Хасан Оралтайдың алғашқы мақаласы болатын. Аталған мақаланың бір бөлігі Қазақстанда белгілі түрколог Фадли Әлидің ауда- руымен 1994 жылы «Парасат» журналында шықты. Бұл мақалада коммунистерге құл болғанша, соғысып жүріп, қасқайып өлейік. Бодан болғанша, ұрпағымызды еркін, азат етейік деген мәселелерге кеңінен тоқталған. Сонымен бірге босқан елдің көрген түрлі ауыртпалықтарын түсіндіре жазады. Ал, қаламгердің алғашқы кітабы – «Еркіндік жолында Шығыс Түркістан қазақ түріктері»(1961). Кітабының алғы сөзінде өзінің мақсатынақты түсіндіреді. Азаттық жолындағы күрес, Отан мен ұлтым үшін күрес қасиетті парызымның бірі деп көрсетеді. Осы кезеңде қаламгер «Бұйүк Түркелі» журналын шығара жүріп, 1963 жылы сәуір айында Салихлы қаласының Құртұлұш махаллесінде, яғни Қалибек Хакімнің үйінде «Түркістандықтардың мәдениет және жәрдемдесу ұйымы» құрылды. Бұл қоғамның аты әйгілі Мағжан Жұмабай «Түркістан – екі дүние есігі ғой» деп сипаттағанындай Ұлы Түркістан деген түріктің ежелгі Отанымен аттас қойылды. Оның негізін қалаушылар Хамза Ұшар, сол кезде белсенді жас қаламгер ретінде атағы шыға бастаған Хасан Оралтай да болды. Ол өзінің «Елім-айлап өткен өмір» атты естелігінде бұған толық мәлімет берген [5].

Ғылым тарихында өмірдің қиындықтары мен қиыншылықтарына қарамастан, шынайы білімге жол ашатын және жас және перспективалы ғалымдардың бүкіл ұрпағын

жетелейтін адамдар бар. Хасан Оралтай осындай адам болған. Ол әртүрлі тарихи кезеңдерде, әлеуметтік дамудың күрт өзгеруі жағдайында өмір сүріп, әрекет етті, бірақ әрқашан және әрдайым өзінің жеке қасиеттерін – табандылықты, адалдықты, адалдықты көрсетті. Қиындықтарға қарамастан, Хасан Оралтай өз қызметін бір минутқа да тоқтатқан жоқ. Ол шетелде алғашқылардың бірі болып "Қазақ түріктері" тақырыбында түрлі мақалалар мен кітаптар шығарды [7, б.106].

Тұлғаны не үшін зерттейміз деген мәселеге келсек, біз тұлғаны басқалардан несімен ерекшеленетінін анықтауды мақсат етіп қоймаймыз, біз үшін тұлғаның өмір жолының қызықтылығы, бірегейлігі және сол арқылы сол заманды түсіне алу үшін, сол тарихи кезеңнің белгісіз беттерін

ашуға тырысамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 https://ru.m.wikipedia.org/wiki/Хасен_Оралтай
- 2 Оралтай Х. Елім-айлап өткен өмір-Алматы «Білім» , 2005-632 бет.
Екіншібасылым
- 3 <http://turainform.kz/?p=2552>
- 4 <https://ulagat.com/2021/12/14/хасен-оралтай/>
- 5 <https://abai.kz/post/39461>
- 6 The idea of indepenсe and freedom in the activities of HasanOraltay.
Journal of the National Academy of Legal Sciences of Ukraine, Vol.
28, No. 3, 2021.97 УДК 929. DOI: 10.37635/jnalsu.28(3).2021.97-108

Ғылыми жекткшісі: т.м., аға оқытушы Алиакпарова А.П.